

Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 37 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6443-09 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы

О. Баймаганбетов